



ҚАЗАҚСТАН
тәуелсіздігіне



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ



Қарға тамырлы еліміздің маңдайына бұйырған Тәуелсіздік атты аяулы бақытымызды алғанымызға да тура 20 жылдың жүзі болыпты. Бабалардың арнамысымен, қасықтай қанымен һәм жүдырықтай жүрек күшімен бүгінге жеткен азаттығымыздың болашағы қашан да баянды болғай. Ресей империясы кезінде Әбілхайыр баһадүрдің және қабырғалы хандар, от тілді, орақ ауызды шешендер мен билердің шешімімен одақтасқан қазақ қаншама жыл сол елдің қол астында болды.

Бір іргелі елдің басы бұғауда, ойы мен санасы саяси идеологияның құрсауында болғаны барып тұрған азап еді. Осы жолда Бөгенбай, Қабанбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қарасай батырлар күш біріктірді. Олардың қайраткерлік қарымын Алаш ардақтылары жадағастырды. Бертіңде, яғни 16 желтоқсанның ызғарында Қайрат Рыс-

құлбеков, Ербол Сыпатаев, Сәбира, Ләззаттардың және қаншама батыр ұлқыздарымыздың арқасында бейбіт те ынтымақты күнге қол жеткіздік.

Қазір егемендіктің торқалы тойы жер-жерде тойланып жатыр. Осындай салтанатты кештің бірі білімнің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ата-

лып өтті. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жолдауында: «Биыл — біз үшін ерекше қастерлі жыл. Біз ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына қадам бастық. Бодан жұртты бүгінгідей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық», - деген болатын. Расында да, біз тек ұлтымызды ғана тәуелсіздікке жеткізген жоқпыз, сонымен бірге білім саласында тың серпілістер орын алып, рухани көкжиегіміз кеңейе түсті. Аталмыш шара бостандықтың қадірін сезініп, ел аңсаған тәуелсіздігімізді ұрпақтар санасында жаңғыртуға арналды.

(Жалғасы 3-бетте)

Ректорат мәжілісін ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына арналған құттықтауымен бастады. Қарыштап дамып келе жатқан еліміздің беделі асқақтай беруін тілеп, ұжымға шығармашылық табыс тіледі.

МЕРЕКЕ АЛДЫНДАҒЫ МӘЖІЛІС

Одан кейін аптаның кезекті ректорат мәжілісі Колумбия университетінің «Global Classroom» жобасы бойынша дәріс тындаған студенттерге, магистранттар мен докторанттарға сертификаттарды ресми түрде табыстау салтанатымен жалғасты. Ресми салтанатқа АҚШ-тың Қазақстандағы бас консулы Майкл Сноуден арнайы келіп құттықтау лебізін білдірді. Өз кезегінде ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтанов мұндай екі жақты жобалар әлі де жалғаса беретіндігін жеткізіп, сертификат иелеріне оқуда озат, бәсекеде қабілетті болуларын тіледі. «Global Classroom» жобасының сертификатын иеленген ҚазҰУ-дың бір топ студенттері оқу жылының келесі семестрінде Колумбия университетінде оқуын жалғастыру мүмкіндігіне ие болды. Университеттің әр факультетінен құралған жобаға қатысушылар осы бағдарлама негізінде техникалық және гуманитарлық пәндерді байланыстыра оқып, білімдерін жетілдіре түскендерін жеткізді. Ал қуаныш иелеріне құжатты табыс еткеннен кейін Майкл Сноуден халықаралық қатынастар факультетінің студенттеріне дәріс оқуға кетті.

Одан кейін әдеттегідей, университеттің өнерпаз өкілдері мен дарынды жастары атына келген құттықтаулар мен алғыстар табыс етілді.

(Жалғасы 2-бетте)

ЯЗЫК – ОПОРА ДРУЖБЫ И СБЛИЖЕНИЯ НАРОДОВ

Социально-экономические реформы, проведенные за годы независимости Казахстана, существенно повлияли на расширение круга людей вовлеченных в международные контакты во всех сферах деятельности. В условиях рыночной экономики высокая компетенция по иностранному языку является неотъемлемым компонентом подготовки конкурентоспособных специалистов. Свою лепту в это вносит кафедра иностранных языков естественных факультетов.

Преподаватели кафедры имеют большой педагогический опыт работы, пять из них отмечены специальными знаками, а старший преподаватель Ш. Гумарова является победителем конкурса «Лучший преподаватель университета». Отлично отметить, что в 2010 году коллектив пополнился молодыми специалистами, которые вносят новые идеи в работу.

(Продолжение на 6 стр.)

БАБАЛАР АҢСАҒАН ҰЛЫ АРМАН

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің бастамасымен қазан, қараша және желтоқсан айларында факультеттердегі клубтар мен үйірмелерде және кафедраларда оқудан тыс «Қазақ халқының дара тұлғаларына» арналған 20 танымдық шара өтті.

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және жалпы тіл білімі және кафедрасы жанынан құрылған «Жаслингвистер» клубы «Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ тіл білімінің көшбасшысы» атты дөңгелек үстел өткізсе, аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы қазақ прозасының көрнекті өкілдері Мұхтар Әуезов және Оралхан Бөкейдің туған күндеріне орай «Парасатқа тағзым» атты әдеби кеш ұйымдастырды. Ал гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасында «Ораз Жандосов есімі қастерлеуге лайық» атты кеш өтсе, шығыстану факультеті түркітану және үндітану кафедрасында ұлттың ұлы тұлғаларын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында «Дара

тұлға — Қабанбай батыр» ашық кураторлық сағаты өтіп, «Қабанбай батыр — дара тұлға» тақырыбында баяндама оқылды. Сондай-ақ, түркітану және үндітану кафедрасының «Жас түркологтар» ғылыми-зерттеу үйірмесі «Қазақ халқының біртуар тұлғасы - Бұқар жырау» атты танымдық кеш ұйымдастырды. Арабтану және ирантану кафедрасының «Араб әлемі» және «Гүлістан» үйірмелері Жүсіп Баласағұнға арналған «Құтты білік — түркі жазба әдебиетінің көне жәдігері» атты ғылыми-танымдық дөңгелек үстел өткізді. Корейтану және жапонтану кафедрасы дөңгелек үстелге «Син Сэдэ» клубы «Шәкен Айманов: ұлы тұлғаның өмір тарихы» атты тақырыпты арқау етсе, халықаралық қатынастар факультетінің Дипломатиялық аударма кафедрасының

«Тура Би» ғылыми шешендік өнер клубы «Мұстафа Шоқай — түркі әлемінің алыбы» атты зияткерлік сұхбат өткізді. Сонымен қатар, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының жанынан құрылған «Талейран» дипломатиялық клубы «Қазақ халқының ұлы этнограф ғалымы — Шоқан Уәлихановтың мұрасы» атты тақырып аясында дөңгелек үстел өткізді. Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы «Аймақтанушы студенттердің Одағы» клубының ұйымдастыруымен «Исатай — басшы, мен — қосшы» атты патриоттық тақырыптағы қойылым көрсетіліп, философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының «Аналитик» клубы және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Инжумаржан іздеушілері» клубы «Күләш Байсейітова — дара тұлға» атты дөңгелек үстелде бас қосты.

(Жалғасы 3-бетте)

Мереке алдындағы мәжіліс

(Басы 1-бетте)

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Өз елім» I республикалық фестивалінің «Ғасыр пернесі» номинациясы бойынша 1 орын иеленген механика-математика факультетінің 1 курс студенті Кибар Ишигов, Алматы қаласы жоғары оқу орындары арасында өткен КВН-ның «Алматы ашық лигасы» сайысында 7 команданың ішінде топ жарып алға шығып, финалда КВН кубогын жеңіп алған филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті студенттерінен құралған «Элит KZ» командасы марапатталды. Сондай-ақ, осы факультеттің студенті Нұржан Ноғашбеков «Нұр Отан» ХДП-ның «Жас Отан» Жастар қанатының дипломымен, Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің «Алғыс хатымен» шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценттері Гүлбағиза Әбіласымқызы және Мұхтар Парахағұлы марапатталды. Бұдан өзге Халықаралық бизнес университетінде өткен «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл – Қазақстанның ілгері дамуына біз қандай үлес қоса аламыз?» атты ғылыми-тәжірибелік турниріне қатысып, 1 жүлделі орынды иеленген «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының «Елтұтқа» тобы да биік мінберге көтеріліп, ҚР БЖҒМ мен Сүлеймен Демирел атындағы университеті ұйымдастырған Алматы қаласы ЖОО студенттері арасындағы «Тәуелсіздік ұрпағы – тәуелсіздік жайында» атты шығармашылық сайысында үздік дер танылған филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің бір топ студенттері диплома ие болды.

Бұл ректорат мәжілісінде де оқуда озат және отбасылық жағдайы төмен студенттерге шәкіртақы тағайындау рәсімі де жалғасын тауып, білім және



ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімшарттарға қол қойылды. Үшжақты құжаттарға сәйкес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ҚР Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің «Жетісу» өңірарлық департаменті, «Жетісу» банкроттық жүйесіндегі кәсіби басқарушылар Одағы» аймақтық бірлестігі маман дайындауда бірлесе отырып жұмыс істемек.

Жан-жақты даму жолында жасалынып жатқан игі шаралар бір түйінделгеннен кейін кезек ректорат мәжілісінің күн тәртібіндегі тақырыптарға ойысты. Мұнда Индикативті жоспарды жүзеге асырудың оқу-әдістемелік бағыттары және қысқы емтихан сессиясына дайындық жөнінде ҚазҰУ-дың Оқу жұмысы жөніндегі проректоры Гүлнәр Балақаева ақпар жасады. Баяндама барысында проректор заманауи пәнаралық оқытуды дамыту керектігін, қазақ тіліндегі оқулықтар санын арттыру керектігін ескертіп, академиялық ұтқырлық пен халықаралық білім бағдарламаларының үлесін арттыруды айтты. Кеше бастау алған қысқы сессия жүйеленгенін,

емтихандар бакалавриатта 12-30 желтоқсан аралығында, магистратура мен докторантурада 12-28 желтоқсан аралығында жүретіндігі тілге тиек етілді. Ал университеттегі тәрбие жұмысының жағдайы мен міндеттері жөнінде баяндаған Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы ҚазҰУ қалашығындағы тәртіпті қадағалауды, құқық бұзушылыққа жол бермеуді бақылауды арттыру керектігі туралы жеткізді. Әлеуметтік серіктестікте студенттердің ата-аналарымен тығыз қарым-қатынас орнатылу керектігін шегелеп, факультеттерде сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмыстарымен айналысу үшін белгілі еңбекақыға сай қызмет ететін ұйымдастырушы-куратор тағайындау керектігін ұсынды. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай студенттік қалашықта, оқу ғимараттарында, жатақханаларда осы құндылықтарды дамыта түсуге ұжым болып жұмылуға шақырды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Құттықтаймыз!!!

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» 2011 жылдың 17 мамырындағы Жарлығына сәйкес, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ қызметкерлері «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. Олар:

1. Мұтанов Ғағым Мұтанұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры;
2. Бүркітбаев Мұхамбетқали Мырзабайұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры;
3. Биекенов Кеңес Ұмбетжанұлы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры;
4. Ережепов Әділ, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі деканның орынбасары;
5. Ермекбаева Баян Жүдібайқызы, экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы;
6. Мұлдағалиева Айжан Айдынғалиқызы, жаратылыстану факультеттерінің шет тілдер кафедрасының меңгерушісі;
7. Медеубек Сағатбек Медеубекұлы, баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі;
8. Мун Григорий Алексеевич, ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары;
9. Мұртазаева Фатиме, құжаттармен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы.

Марапат иелерін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтап, еңбектеріне шығармашылық табыс тілейді!

8 декабря в Высшей школе экономики и бизнеса прошла международная конференция «Новая парадигма экономического развития страны: интеграция, индустриализация, инновация», посвященная 20-летию Независимости Республики Казахстан.

Новая парадигма

В центре внимания ученых-экономистов оказались актуальные проблемы современной мировой и национальной экономик, глобализации и финансового кризиса, региональной интеграции и инновационного развития.

Исследователи из разных стран предложили вниманию коллег собственное видение и рекомендации. Так, например, выступление профессора КазНУ им. аль-Фараби Виктора Ли было посвящено специфике развития финансовой системы в современных условиях, Бобан Стоянович из Сербии подробно затронул вопросы инновационной и международной конкуренции. Государственная кластерная политика нашла отражение в выступлении представителя Киргизии Бахтыгуль Токсабаевой, а проблемы и перспективы Евразийского Союза осветил Голам Мостафа из Канады.

В рамках конференции прошло заседание англоязычного круглого стола по проблемам и перспективам развития интеграции, индустриализации и инноваций в Казахстане.

Соб. корр.

VII Халықаралық Бірімжанов съезі өтті

9 желтоқсанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінде белгілі ғалым, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Батырбек Ахметұлы Бірімжановтың 100 жылдығына арналған «Химия және химиялық технология» бойынша VII Халықаралық Бірімжанов съезі өтті.

Мерекелік шараға ҚР ҰҒА президенті академик Мұрат Жұрынов, Жану проблемалар институтының директоры х.ғ.д., профессор Зұлқайыр Мансұров, Химия ғылымдары институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі Еділ Ерғожин, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұқамбетқали Бүркітбаев, химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердоғұнбаев бастаған отандық химия саласының ғалымдары мен шетелдік профессорлар да қатысты. Съезде ҚР көмірсутекті және минералды шикізатты өңдеудің қазіргі мәселелері және экология, табиғи, синтетикалық қосылыстар, мономерлердің химиялық технологиясы, химия білімінің заманауи мәселелері қарастырылды.

Съездің алғымсөзінде ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұқамбетқали Бүркітбаев химия және химиялық технология факультетінің даму тарихына, бүгінгі мен ертеңіне және Батырбек Бірімжановтың химия ғылымын дамытудағы зор үлесіне тоқталып, ғалымның 100 жылдығына арналған съезд маңыздылығын атады. «Химия факультетінің даму тарихын негізгі үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең - факультеттің қалыптасу кезеңі

1934 жылдан 1954 жылға дейінгі аралықтағы 20 жыл уақытты қамтиды. Бұл кезде алғашқы деканымыз академик Әбікен Бектұрұлы Бектұрған бастап, кейін сол кісінің шақыруымен факультетте еңбек еткен академиктер М.И.Усанович, Д.В.Сокольский, М.Т.Козловский, О.А.Сонгина сияқты ғұлама ғалымдар факультеттің іргетасын қалап, негізін қалыптастырды. Екінші кезең - факультеттің даму кезеңі, бұл Б.А.Бірімжанов жетекшілік жасаған 1954 жылдан 1980 жылға дейінгі 25 жылдан аса уақытты қамтиды. Бұл кезең факультеттің шарықтау немесе өркендеу кезеңі деп айтсақ та болады, себебі осы жылдары факультетте жаңа 6 кафедра ашылды, елімізде аты аталған академиктер негізін қалаған ғылыми мектептер мен бағыттар қалыптасты. 1980 жылдан бергі уақытқа дейін қазіргі үшінші кезеңін факультеттің қайта түрлену немесе жаңғыру кезеңі деп айтуға болады. Батырбек Ахметұлынан кейінгі факультет басқарған ұстаздарымыздың әрқайсысы факультеттің дамуына өз үлесін қосты. Бұл кезеңде факультеттің ғылыми-зерттеу инс-титуттары құрылды, білім берудің көпсатылы жүйесі жасалды, бірнеше жаңа мамандықтар ашылды, факультет



жана ғимаратқа көшті және т.с.с. нарықтық экономика талаптарына сай факультет жұмысы қайта жаңғыруда», - дейді профессор Мұқамбетқали Бүркітбаев. Ал ҚР ҰҒА президенті, академик Мұрат Жұрынов: «Химия ғылымының қалыптасып және дамуына Бірімжановтың үлесі өте зор. Ол өте кең, парасатты жан. Оның ұстаздығын көрген, дәрісін естіген шәкірттері есімін ұмытпайды», - деген ойымен бөлісті.

Батырбек Ахметұлы Бірімжанов бірге 900-ден астам ғылыми жұмыс жазған, оның ішінде 17 монография, 200-ден астам ғылыми-әдістемелік жұмыс. Сонымен қатар республикамыздың жоғары және орта білім беру мектептеріне арнап 10-нан астам оқулық аударған. Бұл съезд алғаш рет

Алматы қаласында INTAS-тың қолдауымен 1996 жылы, III съезд Өскемен қаласында Д.Серікбаев атындағы ШҚМ университетінде өткізілген. 2006 жылы Б.А. Бірімжановтың 95 жылдығына арналған V съезд әл-Фараби атындағы ҚазМУ-да, ал VI съезд 2008 жылы Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-да өткізілді. Ал бүгін басталған VII Халықаралық Бірімжанов съезі 10 желтоқсанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде жалғасады. VII Халықаралық Бірімжанов съезінде ғалымға арналып «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген кітаптың және «Эпоха Беремжанова» кітабының тұсауы кесілді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

(Басы 1-бетте)

Кеш шымылдығы түрілген сон мемлекеттік рәмізіміздің бірі – әнұран ойналып, бір сәт ұстаздар мен студенттер сілтідей тынып осы жолда құрбан болғандарды үнсізеске алды. Осыдан соң сахна төріне университет ректоры Ғалым Мұтанов көтеріліп жиылған қауымды ұлық мерекемен құттықтап, ыстық сөзін жеткізді. «Егемендігіміздің 20 жылдық мерекесін біз іргесі берік, мемлекеттігі бекем, төрт бұйылы түгел, аты әлемге танылған ел ретінде қарсы алып отырмыз. Түп шежіресі сонау ежелгі Түркіден басталатын қазақ халқы өзінің іргелі ел, жоралы жұрт, қабырғалы халқын, салықалы сал-



қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі үшін 43 ғалым-оқытушы, қызметкер марапатқа ие болды. Сонымен қатар университет ректорының бұйрығымен білім ордасының барлық қызметкерлеріне бір айлық еңбекақы көлемінде сыйақы тағайындалды. Сондай-ақ, қара шаңырағымыздың жастар саясатын дамытудағы жетістіктері мен өнегелі тәрбиесі үшін 13 үздік студент ректордың Құрмет грамотасымен марапатталды.

Марапаттау рәсімінен соң айтулы мерекемен университет ұжымын құттықтай келген Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық ұлт аспаптар оркестрі концерттік бағдарлама қойып, ҚазҰУ төңірегін ән мен жырға бөледі. Қазақтың шежіресі терең, Абайша айтсақ, «Құлақтан кіріп, бойды алар» күмбірлі күйлер құлақ құрышын қандырды. Әсіресе Түркештің «Көңілашары», Тәттімбеттің «Сылқылдағы», Құрманғазының «Саранжап, Адай», Дайрабайдың «Дайрабай» күйлері тындарманын құлаққа ұрған танадай етті. Сондай-ақ Сыдық Мұхамбетжановтың «Шаттық Отаны», Моцарттың «Түрік маршы», Хачатурянның «Танец с саблями» туындылары кім-кімнің болсын жанын рахатқа бөледі.

Иә, ғасырлар бойына халқымыз үшін сағынышқа ұласып, ақыры азаттық әперген тәуелсіздігімізді қалай әспеттесек те баршамызға артықтық етпейді. Қайта тағлымды тарих пен бабалар алдындағы асақ парызымыздың сәл де болса орындалғаны деп білейік. Кезінде сыршып ақын Сағи Жиенбаев:

«Қалса да қайда көлің,
қайда жерің,
Қасқайып хақ жолынан
таймап едің.
Айрылып күндіз күлкі,
түнде ұйқыдан,
Күткенің осы еді ғой
қайран елім»,

– деп емірене жырлаған еді. Міне, сол азат күннің ақ таңын күллі қазақ болып қарсы алып отырмыз. Сондықтан тамылжып атқан тәуелсіздік күні мерейлі һәм мәңгілік болғай!

Олжас ҚАСЫМ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

тын сақтап отырғандығы – рухының асқақтығының арқасы. Егемендік және елдік, егемендік және тәуелсіздік – қай халық үшін де асқақ, қадірлі ұғымдар. Қазақ үшін елдігі де қасиетті. Мұны түсіну үшін, өсініп қана қоймай түйсіну үшін үлкен ұғым керек. Елім деп соққан ыстық жүрек керек, жерім деп соққан сезім керек. Елбасымыздың бастауымен біз тәуелсіздігіміздің, Отанымыздың іргесін нығайттық. Рухани байлығымызды молайттық. Бәсекеге қабілетті экономикамызды тұрақты мемлекеттің ажырама бөлшегіне айналдырдық. Мәртебесі биік, абыройлы мемлекет болдық. Баянды сыртқы саясатымыздың арқасында тұрақтылық пен қауіпсіздікке қол жеткіздік. Осының арқасында университетіміз әлемдік оқу ордаларымен қатар білім бәсекесіне қатысылды. Биыл сапалы білім, сағымды кадрларымыздың көптігінен әлемдік оқу ордаларының санатынан 200 орын алға қадам бастық. Сонымен қатар зерттеу университетіне айналып іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізе бастадық. Студенттеріміздің саны да, сапасы да артып келеді. Білім жүйесінде ілгерілеушілік байқалады.

Бабаларымыздан «бірлік бар жерде тірлік бар» деген ғибратты сөз қалған. Осы қағиданы ұстансақ болашағымыз баянды, еліміз ғұмырлы болмақ. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Тәуелсіздігіміз мызғымасын. Ұлттық намысымызды оятып, қазақ халқын әлемге танытқан тәуелсіздік күні құтты болсын», – дейді ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

Осынау 20 жылдың бедерінде ұлттық университетіміз айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп, білім мен ғылымның заңғар шыңын

бағындырды. Әрине, бұл жолда қаншама адамдардың төккен мандай тері мен еселі еңбегінің қомақты үлесі бар. Қара шаңырағымызда да іргелі жұмыстарды ұйымдастыруда көрегендік танытып, өзін қарымды қасиеттермен әйгілеген тұлғалар аз емес. Осыны ескерген ректор Ғалым Мұтанов егемендігіміздің қарсаңында «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерейтойлық медалімен «Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының доценті Өтешов Сәрсенбай Қарасайұлын және осы

кафедраның доценті Борещкий Олег Михайловичті марапаттады.

Тәуелсіздік мерекесіне орай ректордың бастамасымен біршама жұмыстардың басы қайырылды. Оған дәлел, кеш барысында университет басшысы Ғ.Мұтановтың қолдауымен әрбір факультетке аудиториялық қорды жабдықтауға арналған СЫЙ СЕРТИФИКАТ табыс етті. Сыйлықтар қатарында аудиториялық қорға арналған мультимедиялық жабдық, интерактивті тақта, LCD панель, сандық подиум бар. Ректор осы сертификаттарды барлық факультет декандарына табыстады.

Салтанатты кештің шырайлы сәтінде жүргізушілер аз ғана уақыт бұрын келіп жеткен тағы бір ақжолтай хабармен көпшілікті құлағдар етті. Нақтырақ айтсақ, еліміздің жоғары наградаларымен университетіміздің оқытушылары мен қызметкерлері марапатталғаны белгілі болды. Шәкірттердің жүрегіне нұр құйып, бойындағы сарқылмас білімін соларға арнаған ұстаздардың еңбегі өлшеусіз. Оларға қандай марапат көрсетсек те жарасымды. Осы ретте ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ректордың Құрмет грамотасымен университетіміздің



Бабалар аңсаған ұлы арман

(Басы 1-бетте)

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының «Әлеуметтік жұмыс» клубы «Абай - дана, Абай - дара» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел қонағы ф.ғ.д., профессор, абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы Абай мұрасының беймәлім тұстарын ғылыми негізде толық ашуға жастардың ат салысу керектігін айтты. Студенттер Абайдың мол мұралары, әлемге таралған шығармаларының аудармалары туралы өз ойларын алға тартып, пікір алысты. Сонымен бірге аталған кафедраның «Жас демограф» клубы «Шоқтығы биік алып тұлға – Әлімұхамед Ахметұлы Қонаев» атты дөңгелек үстелде Д.Қонаевтың өмірінен дерекнама көрсетіп, студенттер «Қонаев басшылығы тұсында еліміз неден ұтты, неден ұтылды» деген тақырыпта пікір алмасып, өз көзқарастарын білдірді.

Биология және биотехнология факультетінің молекулалық биология және генетика кафедрасында Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығына арналған «Қазақ поэзиясының Құлагері» атты танымдық-тәрбиелік мерекелік шара өтті. Кешке арнайы қатысқан Саят

Ілиясұлы студент жастарға ақынның өмірі, жазушының М.Горькиймен шығармашылық байланысы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовпен достығы және жазықсыз жазаға ұшыраған жылдары туралы айтып, ескі қолжазбалары мен соңғы шыққан еңбектерімен таныстырса, кеш барысында «Құлагер» фильмінен үзінді көрсетіліп, кинематографист Бегалин Қасым Сапарғалиұлы фильмінің шығу тарихын баяндады. Биология және биомедицина кафедрасындағы «Міржақып Дулатұлы – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері» атты семинарда Алаш қайраткерінің өмір жолы және қазақ халқының тәуелсіздігі жолында жасаған ерліктері талқыланды. Ал экономика және бизнес жоғары мектебі факультетінің есеп және аудит кафедрасы «Сәкен Сейфуллин – қазақ халқының біртуар тұлғасы» атты кешті өткізіп, ақын өлеңдерін студенттер нақышына келтіре оқып, қазақтың қара домбырасымен «Тау ішінде» әнін толқыта орындады. Ал химия және химиялық технология факультетінің химиялық физика және материалтану кафедрасы Бауыржан Момышұлына арналған «Аты аңызға айналған тұлға»

атты тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты барысында студенттер Бауыржан Момышұлының соғыстағы ерілгінен театрландырылған қойылым көрсетіп, батыр туралы аңыздарды талқылап, оның өмірінен естеліктер оқыды. Заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық істер жүргізу және криминалистика кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен «Қазақ халқының біртуар тұлғалары» айдарымен Сара Тастанбеқызының шығармашылық өміріне арналған кеш өткізілді. Шығармашылық кеште Сараның ақын Біржан салмен айтысынан үзінділер айтылып, Сараның бейнесі сомдалып, сол заманғы дәстүрлерден қойылым көрсетілді.

Механика-математика факультетінің информатика кафедрасының ұйымдастыруымен Қасым Аманжоловқа арналған «Ұрпаққа ұран ұлы есім» атты ашық тәрбие сағатында студенттер қазақ поэзиясының жауынгер ақыны «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» деп жырлаған Қасым Аманжоловтың өміріне арналған слайдтар арқылы өз ойларын алға тартты. Тарих, археология және этнология факультеті археология, этнология және музейология кафедрасының «Даму» (діни-тәрбие) және «Музеео-

лог» клубтарының ұйымдастыруымен Бұқар жырау Қалқаманұлына арналған театрландырылған қойылым өтті. Студенттер Бұқар жырау, Абылайхан тұлғаларын сомдап, көрініс көртетіліп, кешке белсене қатыстан студенттерді т.ғ.к., доцент Қарлығаш Ерғазықызы клубтың атынан алғыс хатпен марапаттады.

Қай заманда болмасын қазақ халқының тарихында әлеуметтік әділетсіздікке қарсылық көрсеткен аңғал да қайсар, халық қамын көздеген қаһарман, азаттық үшін алысқан батырлардың, ұлы тұлғалардың шыққанның мақтан тұтқанымыз әбден орынды.

Бабалар аңсаған ұлы арман – Тәуелсіздік. Еліміздің мерейтойына арналған бұл танымдық шараның мақсаты – қазақ халқының дара тұлғаларын жастарға танытуда жасалған маңызды бір қадам деп бағаласақ артық болмас.

Шынар КАНАФЬЕВА,
Тәрбие жұмысы және тіл саясатын
ұйымдастырушылық-әдістемелік
қамтамасыз ету бөлімінің
жетекші маманы

РУХ



Султан САРТАЕВ,
академик НАН РК,
профессор КазНУ им. аль-Фараби

**НЕЗАВИСИМОСТЬ –
ГЛАВНОЕ ДОСТОЯНИЕ
НАРОДА**

Двадцатилетие независимости Казахстана – великий праздник для всего казахстанского народа. Сегодня мы с полной уверенностью можем сказать, что Казахстан состоялся как суверенное государство. Наша страна стала полноправным членом мирового сообщества, ООН и других авторитетных международных организаций.

На заре независимости мало кто верил, что мы сможем создать сильное государство. Проявлялось недоверие к нашим идеям, проектам и начинаниям. Некоторые политики и эксперты высказывали мнение, что Казахстан не сможет существовать самостоятельно. Однако они ошиблись, их предсказания не сбылись, время и реалии доказали обратное.

Казахстан не только преодолел финансово-экономический кризис – печальное наследие развала СССР, но и уверенно шагнул в ряд динамично развивающихся стран. Стабильное социально-экономическое положение, мир и согласие наглядно доказывает это. Во многом это результат неустанного труда и политической воли первого Президента страны, Лидера нации – Нурсултана Назарбаева. Ярким свидетельством таланта и созидательного труда казахстанцев, мощи государства стала новая столица республики – прекрасный город Астана.

Если Петр Великий открыл окно в Европу при стуке топора и грома пушек, то наш Президент мудрой и дальновидной политикой открыл для страны окно в мир. Я глубоко убежден, что Казахстан займет достойное место среди 50-ти конкурентоспособных государств мира.

Поздравляю всех казахстанцев с великим праздником – двадцатилетием независимости. Желаю всем счастья и процветания.



Гүлжахан БЕРДЕНҚЫЗЫ,
экономика және бизнес жоғары
мектебінің 3 курс студенті:

**«ДИПЛОММЕН –
АУЫЛҒА»
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН
ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ДАЙЫНМЫН**

Мен, Әжібекова Гүлжахан Берденқызы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір селосында 1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз өзінің азаттығын алған кезде дүниеге есігін аштым. Көпбалалы отбасынан шықтым. Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті экономика және бизнес жоғары мектебінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығына грант негізінде 3 курста білім алудамын.

Тәуелсіздікпен құрдас болу мен үшін өте жауапты әрі маңызға, марапатқа толы дата. Мәселен, 2008 жылы аудан әкімінің құттықтауына барып, марапатқа ие болдым. Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы қарсаңында да аудандық облыстық марапаттаулардың иегері атандым.

2009 жылы Алтынбек Дәрібаев атындағы орта мектепті «Алтын белгімен» бітірдім. Мектептен бастап қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, біршама жетістіктерге жеттім. Атап айтар болсам, аудандық пәнаралық (математика, қолданбалы экономика) олимпиадаларда жүлделі 2-ші, 3-ші орындарды алдым, республикалық «Ақбота» марафонында жүлделі 2-ші орынды иеленіп Астана қаласына бір апталық саяхатқа бару құрметіне ие болдым. Бүгінде университет қабырғасындағы қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, факультетаралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болдым.

Бос уақытымда әдеби кітаптар оқығанды, суретке түсуді, әсерлі әуендер тыңдағанды жақсы көремін және әр елдің ақшасын (монеталарын) жинауды ұнатамын. Спорттың волейбол, тоғызқұмалақ түрімен шұғылданамын. Мен үшін жоғары оқу орындарының көшбасшысы атанған ҚазҰУ-да білім алудың өзі үлкен жетістік деп білемін. Алға қойған мақсатым – оқуымды үздік бітіріп, еліме үлесім тиетін азаматша болу. Ата-анамның алдында өз перзенттік парызымның бір бөлігін болса да өтегім келеді. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында ауылға барып қызмет етуге дайынмын. Арманым туризм саласын дамыту, ауданды көркейтуге, гүлдендіруге үлес қосқым келеді.

Мен, Өсербекова Гүлманат Қазыбекқызы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Жыныбай ауылында 1991 жылы 16 желтоқсанда дүниеге келдім. Ұлық мерекеге туған күнімнің дөп түсуі әрі қуаныш, әрі үлкен жауапкершілік деп сезінемін.

Мектеп қабырғасынан бастап үздік оқып, ән-би үйірмелеріне қатыстым. Волейбол, жүгіру сияқты спорт түрлерімен айналысқанды ұнатамын. Көптеген мектепаралық жарысқа қатысып, 1, 2-ші орындарға ие болдым. 10-сынып оқып жүрген кезімде аудан әкімі барлық Тәуелсіздік құрдастарын шақырып, марапаттау рәсімін жасағанда, сол қуаныш иегерлері арасында мен де болдым. Бұл мен үшін үлкен



Надежда ЛАПТЕВА,
доцент юридического
факультета:



**20 ЛЕТ МИРА
И СОЗИДАНИЯ!**

16 декабря 1991 года Верховный Совет РК принял закон «О государственной независимости Республики Казахстан». Прошло двадцать лет с момента провозглашения независимости. С ее обретением страна и народ получили свободу выбора пути развития. И сегодня мы можем констатировать – Казахстан как государство состоялся, он признан международным сообществом. Нашему народу было нелегко, но мы выдержали испытания, смогли выстоять благодаря мудрой и взвешенной политике первого Президента Нурсултана Назарбаева, таланту и самоотверженному труду казахстанцев. Мы и наши дети живем в мире и согласии, в процветающей стране, в котором созданы все условия для прекрасной жизни, учебы и работы.

Республика Казахстан является молодым государством. За небольшой период времени произошли крупномасштабные социально-экономические и политические преобразования. Глава государства построил сильное государство с динамично развивающейся экономикой. Казахстан активно интегрируется в общемировую экономическую систему, являясь лидером среди стран СНГ по привлечению иностранных инвестиций. Гордостью, символом величия, творчества и прогресса народа Казахстана стала новая столица – прекрасный и современный город Астана.

Созидательные преобразования являются достижением всего народа и его лидера Н. Назарбаева. Наша республика это государство с богатым прошлым и еще большим светлым будущим.

Арай ТОЯН,
география факультетінің
3 курс студенті:



**«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
ҚҰРДАСЫ
БОЛҒАНЫМДЫ
МАҚТАН ТҰТАМЫН»**

Мен, Арай Тоян 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігі арайлап таң атқанда Алматы қаласында дүниеге келдім. Анам мен әкемнің тұңғыш қызымын. Егемен Қазақстанның құрдасымын. Бұл маңызды зор сәйкестіктің аманатын да тереңнен ұғынамын. Мен 1998 жылы №139 Ахмет Байтұрсынов атындағы мектеп-гимназиясына алғаш қадам басып, мектепте қоғамдық жұмыстарға, үйірмелерге белсене қатыстым. Соның ішінде домбыра және би үйірмелері, мектептегі оқушылар басқаруындағы «Болашақ» ұйымында Қорғаныс министрі міндетін атқардым.

Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл толғанда қала әкімі Виктор Храпунов компьютер сыйласа, 2008 жылы 10 сыныпта оқып жүргенімде «Туран» университетінде «Менің Қазақстаным» атты сайысқа қатысып, жүлделі 2-ші орынға ие болып, 10% жеңілдікті иелендім. Содан кейін 11-сыныпта 2009 жылы ҚазҰУ-да өткен «Пәндік олимпиадада» бақ сынап, география пәнінен 1-ші орын жеңіп алдым. Қуанышымда шек болмады. Сөйтіп, 2009 жылы мектеп бітірген соң әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география факультетінің геодезия және картография мамандығына оқуға түсіп, студент атандым. Жоғары оқу орнында да қоғамдық жұмыстарға қатысып, әртүрлі сайыстарға, байқауларға қатысқанды ұнатамын. 1 курста «Күзгі балл» байқауында 2-ші орын иегері атансам, 2010 жылы ҚазҰУ-да өткен «Ана тілі аруы» атты байқауында «Шебер ару» номинациясына ие болдым. Себебі мен әртүрлі үлгідегі киімдер тігумен айналысамын. Қазір 3 курста білімімді жетілдіріп жатырмын. Оқу бітірген соң мықты маман атанып, университеттің, еліміздің үлкен сенімін ақтағым, қайратым мен ақылымның күшіне сеніп үлкен жетістіктерге жеткім келеді. Қазақстан тәуелсіздігінің құрдасы болғаным өте қуаныштымын және мақтан тұтамын. Арманым – өмірде өз жолымды адастай тауып, бір тетікке кірпіш болып қаланып, ата-анамның, қазақ елінің мақтанышы болу.

Гүлманат ҚАЗЫБЕКҚЫЗЫ,
биология және биотехнология
факультетінің 3 курс студенті:



**«БИДАЙДЫҢ ЖАҢА
ТҮРІМЕН ЖҰМЫС
ІСТЕСЕМ ЕКЕН»**

құрмет. Бұл көрсетілген үлкен құрметтен үлкен үміт артатындықтарын да сезінемін.

Ауданда өткен республикалық әл-Фараби олимпиадасына биология пәнінен қатысып, 1-ші орынға ие болдым. Нәтижесінде 2009 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түстім. Қазір биология және биотехнология факультетінің биотехнология мамандығы бойынша 3 курс студентімін. Биотехнология мамандығы бойынша менің таңдаған бағытым – молекулалық

генетика. Мен осы мамандықты жақсы игеріп үлкен маман иесі болғым келеді. Әсіресе генетикалық жана белгілері бар өсімдіктер шығаруға, соның ішінде бидай өсімдігіне деген менің қызығушылығым үлкен. Себебі өзімнің туған жерімде бидай өсірумен айналысады. Сол себептен менің мақсатым – генетикалық жағынан жоғары сапалы, төзімді, т.б. белгілері бар бидайдың түрлерін болашақта шығару. Оқуды бітіргеннен кейін Республикалық «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша ауылға барып жұмыс жасағым келетінін де нық сеніммен айтамын, себебі ауылды көртейту, дамыту арқылы еліміздің дамуына титтей болса да өз үлесімді қосуға мүмкіндік аламын.

Болашақ – біздің қолымызда

Жақында Астана қаласында «Болашақ – біздің қолымызда» атты тәуелсіздік құрдастарының республикалық жастар форумы өтті. Оған еліміздің әр өңірінен іріктелген көшбасшылар келді. Бұл келелі жиынға ҚазҰУ-дың да ең таңдаулы студенттері университет атынан делегация болып аттанды. Делегация құрамында ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім қызметкерлері Данияр Сүндетбаев, Сәуле Ишанғалиева және Сандуғаш Қартаева, сонымен қатар студенттер Сенатының төрағасы Нұрлан Әбдіқадыров, Жоғары студенттер Кеңесінің төрайымы Сәуле Аязбаева, «Сңқар» кәсіподағының төрайымы Әлия Қарақожаевалар бар.

АЛАТАУДАН САРЫАРҚАҒА

Күнтізбе бойынша қыстың алғашқы күні келгенде жүгімізді жиып, Алматы темір жол бекетінен таң рауандап ата жүріп кеттік. Алда 20 сағат. Бұл сапарда алғаш рет пойызға отырғандар да болды. Олар үшін, әрине, 20 сағат 2 сағаттай қас-қағымда өткен болар. Арамызда гитараның тілін білген студенттер Сенатының төрағасы Нұрлан, «бастығымыз» Данияр бастап, қыздар қостап ән шықпадық. «Мына жастар қайдан?» – дегенде университетімізді ұятқа қалдырмайтындай өңдеткеніміз соншалық, кішігірім вагон ішін өнер сахнасына айналдырып жібергендейміз. Айтқандай, 13 едік. Бес жігіт, сегіз әру. Жайшылықта тек ресми үндесетін әріптестермен бейресми жағдайда бір болу бір-бірімізді танып, ой алмастырып пікір айтуда оң әсерін бергендей. Шудан асып, Балқашқа жетіп, Қарағандыға жақындағанда Астананың ызғары біліне бастады.

Сонымен, келесі күні еліміздің ақ ордасы – Астанаға табан тіредік. Діттеген тұрағымызға көлікпен жеткенше көзімізді төреседен айыра алмадық. Әсем қаланың келбеті кімнің де болса таңдайын қаққызғандай. Зәулім, биік, заманауи ғимараттардың аз ғана уақытта бой көтергені, мүлде жаңа қаланың Сарыарқа төсінен өсіп шығуы ғажайып емей, немене? Астана жыл мезгілі секілді жаңарып отырады. Үш ай келмей кетіп қайта соқсаң, толыққанын, жаңарғанын көресің. Келешек пирамидасының бастауына айналған Астана бүгінде барлық бастаманы өзінен таратауда. Алматыдағы компания, теледидар мен газет саласы т.б. өндіріс орындарының да негізгі отауы Астанада тігілуде. Бойы қуат пен жігерге толы білімді жастардың легі жыл



сайын Астанаға ағылуда. «Еліміздің басты капиталы – білімді жастар» – деп елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, жаһандану заманында отандық білікті мамандар дайындау – бүгінгі күннің басты мәселесі.

ҚҰРДАСТАР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Өзімді өзгеше жаратылған жанға баламағанмен, дәл тәуелсіздік алған жылы туғанымға бір елі бақыт артық бұйырған-ау деп достарымның арасында сөз реті келгенде қалжындап қаламын. Мен алғаш мектеп табалдырығын аттағанда, астанамыз Алматыдан Ақмолаға көшті. Тәуелсіздік осылайша ойда жоқта құрдасым болып шыға келді. Бір артықшылығы бұл құрдасымды бүгінде бәрі таниды. Алғаш туғанда мойындаған кезінде жалғыз түрік бауырларымыз болса, бүгінде Алпамыстай жыл санап емес ай сайын өсуінің арқасында бар әлем сана-сып, бәсекелестер қатарына қосады. Ата-бабаларымыздың ежелден аңсап, күресіп өткен негізгі мүддесі өз межесіне жетіп, бүгінде қанатын кеңінен жаюда. «Болашақ – біздің қолымызда!» деген тақырыппен әр өңірден құрдастарын жинаған тәуелсіздіктің бұл жиынының да айтағы осы төңіректе және көздегені биікте. Келбеті бұрынғыдан өзгек болды.

Алдымен, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де 2012-2015 жылдарға арналған Жастар саясаты тұжырымдамасын талқылау өтті. Start Ой деп аталатын сұхбат алаңдарында «Отансүйгіштік», «Білім», «Мәдениет» тақырыптары бойынша секциялық топпен жұмыстар болды. Ой көкпарына көкейде жүрген күнделікті қызыл сөздер емес, нақты ұсыныстар түсті. Сұрыпталған

үздіктері жастардың ұсынысынан жасалған концепцияға кіргізілді.

Түстен кейін делегаттар қаламен танысып, саяхат жасап, көрнекті жерлер мен мұражайларды аралады. Спортжанкүйерлеріне кешке «Барыс»-«Автомобилист» хоккей командаларының ойынын тамашалау бұйырды. Келесі күні жақында құрылған «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдердің республикалық ұйымы қатарына салтанатты қабылдау рәсіміне қатыстық. Бұл ұйымға бір сәтте 20 000 жас кірді. Осы ретте айырықша атап өтетіні, ұйымның республика бойынша жетекшісі – біздің қара шаңырақтың түлегі Назира Бөлтүрікова. Университет түлектерінің осындай биікте жүруі, сонымен ерген бізді де жіпсіз жоғарыға тартып, ынталандырады. Артынша тікелей ҚР Білім министрі Бақытжан Жұмағұловтың қатысуымен «Думан» ойын-сауық орталығында «Жастар - 2011» республикалық жастар сыйлығының салтанатты тапсыру рәсімі өтті. Жылдың ең үздік жас мұғалімі, жас журналист, жас дәрігер, жас мемлекеттік қызметкер секілді жиырма номинация бойынша жиырма жас марапатталды. Екі күнде жиындардан бөлек құрылтайға жиналған жастармен танысып, ой бөлісіп, пікір алмастық. Әр өңірдің өз көтерер мәселесі бар. Бастысы, жұдырықтай жұмылсақ, бірге болсақ біз алмайтын қамал жоқ деген ойға сыйды пікірлеріміз.

Құрдастар құрылтайының қорытындысы әркімнің көңілінде өз нүктесін тапқандай. Тәуелсіздіктің уығын берік ұстап, шаңырақты әрдайым биікке көтеру сіз бен бізге аманат. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы құтты болсын Алаш елі!

Асқарбек ҚАЗАНҒАП

Конституциялық норманың бұрмаланбай, дұрыс ұғынылуына қол жеткізу бағытында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының оқытушылық-профессорлық құрамы №18 студенттер үйінің тұрғындарымен кездесу өткізіп, мемлекеттік тіл мәртебесін бекітетін конституцияның нормасының мақсаты мен оның жүзеге асырылу мәселелерін болашақ заңгерлермен талқылады.

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАЙЛЫҒЫ

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының жатақхана студенттерімен кездесуі болашақ заңгерлерге Конституцияның шынайы мәні мен мағынасын және конституциялық-құқықтық мақсатын түсіндіру болды. Кездесуде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылуы үшін мемлекеттік тіл қатынастарын реттейтін конституциялық нормалардың толықтай және мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажеттігі нақтыланып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде іске асырылуы үшін Конституцияны өзгертудің қажет еместігі, керісінше, оның тіл туралы ережесінің бұрмаланбай қоғам тарапынан дұрыс ұғынылып, толық орындалуы талқыланды. Нақты айтсақ, дұрыс ұғынылмауы салдарынан мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуына кедергі болып тұрған мәселелердің бірі – Конституцияның орыс тілінің мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатынын бекіткен нормасының бұрмалануы нәтижесінде орыс тілінің «кінші мемлекеттік тіл», «ресми тіл» деңгейіне көтерілуі екендігі айтылып, ендігі міндет – қазақ және орыс тілдеріне байланысты конституция нормасының ешбір кедергісіз сол күйінде мүлтіксіз орындалуына бүкіл қоғамды, мемлекеттік механизмді жұмылдыру қажеттігі нақтыланды. Сол кезде ғана қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде, ал орыс тілінің ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатын тіл ретінде өздерінің негізгі конституциялық мақсатына қол жеткізіп, «егемдік пен тәуелсіздіктің тірек тілі» ретінде қызмет істей алатындығы баса айтылды. Сонымен қатар кездесуде кафедра мүшелері мемлекеттік тіл туралы конституциялық-құқықтық нормалардың іске асырылу тәжірибесі мен мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы тіл мәселелерін студенттердің назарына ұсынды.

Айгерім ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік
құқығы кафедрасының доценті

Тәуелсіздік - ел тұғыры

Еліміздің төл мерекесі, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай философия және саясаттану факультетінде «Тәуелсіздік – ата-бабам аңсаған» атты салтанатты іс-шара болып өтті. Іс-шара бүгінгі тәуелсіз ұрпаққа еліміздің өткен тарихынан сыр шертіп, осы күнге дейін жеткен жетістіктерімізді патш етті.

Желтоқсан оқиғасы және КСРО-ның ыдырау процесін тездеткен 1991 жылғы тамыз бүлігі 1991 жылдың қазанына қарай көптеген республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Республиканың Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Осы күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Егемендік алып, еңсесін жаңа көтерген Қазақстан үшін тарихтың таза парақтары ашылды.

Тәуелсіздік ұғымының кеңінен сыр шертері анық. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты,

халқымыздың мәңгілік құндылығы. Тәуелсіздік – біздің тұғырымыз. Міне, осы күнді ұғымдарды жастар бойына сіңірді. Осы салтанатты кешке жиналған студенттер ерекше белсенділіктерін танытып, өз өнерлерін де ортаға салды. Тарих сахнасындағы елеулі оқиғалардан көріністер көрсетіліп, бұрыннан бүгінге дейінгі тарих беттері ақтарылды. Студенттер егеменді ел болу жолында өздерін құрбан еткен алдыңғы ұрпақтарды еске алу мақсатында бір минут үнсіздік жариялап, олардың рухтарына тағзым етті. Сондай-ақ кеште белгілі ақындардың өлеңдері оқылып, мерейлі мерекемізге арналған әндер де шықпады. Осы орайда көзге

түскен студенттер ретінде Абылайхан Баймұрат, Әлібек Қысыбай, Әбіш Пазылбеков, Нұржан Жұмабайұлы сынды университетіміздің белсенді мүшелерін атап кеткен жөн. Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығына арналған бұл мерекелік салтанаттан журналистика факультетінің студенттері де қалыс қалмады, олар өздерінің төл туындылары «Тәуелсіздік. Бүгін, міне, қолында!» атты бейнероликтерін қалың қауымға ұсынды. Кешсоңында кештің қадірлі қонақтары студенттерге арнайы алғыстарын айтып, мерекелік жылы лебіздерімен бөлісті. Саяси ғылымдарының кандидаты Ерғали Ерғазыұлының жетекшілігімен өткен кешке шәкірттердің ризашылығы зор болды.

Гүлжан СЕРІК,
журналистика
факультетінің 2 курс студенті

20 жылда мәдениет те жаңарды

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде «Тәуелсіз Қазақстанның 20 жыл дамуындағы мәдениеттанулық ғылым мәселелер, ізденістер, шешімдер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Тәуелсіздікпен түйдей құрдас кафедраның білім әлемінде желкен керегіне де биыл 20 жылдың жүзі болыпты. Осы уақытқа дейін кафедраның ғылыми базасы дамып, қасиетті қарашаңырақ аясында көптеген жас мамандарының топшысын қатайтып, қияға самғатты. Бұл конференция 20 жылдағы кафедра жұмысының нәтижесін көпшілікке кеңінен таныстыруға зор мүмкіндік берді.

Конференцияны салтанатты түрде ашқан Философия және саясаттану факультетінің деканы Масалитова Алия Рымғалиқызы келген қонақтар мен ұстаздар, студенттер қауымын құттықтап: «Құрметті, барша жиылған қауым. Бүгін біздің кафедрамыз 20 жылды артқа тастап отыр. Бұл мерейлі күннің Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығымен тоғысып келуінде үлкен мән бар. 20 жыл біз үшін аз уақыт емес. Десек те атқарылған және атқарылмақ жұмыстар

баршылық», – деп келген меймандарға сәттілік тіледі. Ғылыми-теориялық конференция көптеген ауқымды тақырыптарды қамтыды. «Қазақтың ұлттық мінезі және ұлттық мәдениеті» туралы баяндама жасаған осы кафедраның профессоры Темірбеков Сәдуақас: «Ұлттық мінездің қалыптасуына әуелі мәдениеттің қосар үлесі зор. Басқа факторлар, табиғат, қоғамдық қатынастар, экономика. Ұлттық мінез туралы ғылыми тұрғыда зерттеушілер жоқтың қасы. Қазақтың ұлттық мінезін танымайынша, қазақ кім екенін өзі танымайды. Өзін танымаған халық сандалып, теңселумен жүреді. Біз қазір теңселумен жүрген халықпыз. Халықтың негізгі тірегі – өзін өзі тануы. Сонда ғана ұлтымыз өркениетке қарай ілгері қадам басады», деп ұлттың даму жағдайында ұлттық мінездің маңызды екенін алға тартты.

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция «Егеменді Қазақстанның 20 жылы және жаңа бірегейлік ізденістері» және тағы басқа секциялар бойынша өтті. Мазмұнды шараға Швеция, Польша, АҚШ елдерінен білікті де білгір мамандар шақырылып ҚазҰУ-дың атқарып жатқан іргелі жұмыстарына оң баға берді.

Олжас ҚАСЫМ

Елімнің ертеңі жарқын

Білім беру ісі тәрбиемен қатар жүргенде ғана жан-жақты дамыған, кемел ойлы, рухы мықты тұлға қалыптастыруға қызмет ететіні белгілі. «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту», – дейді ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби. Сонымен қатар ойшыл бабамыз тәрбиесіз берілген білімнің қауіпті екенін де ескерткен.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыруда тәрбие мәселесі қашан да маңызды деуімізге толық негіз бар. Университетіміздің болашақ стратегиялық бағдарламасында да бұл мәселе айырықша назарда екенін көреміз. Жастарымыздың рухани болмысына ел тарихына құрмет, бабалар рухына тағзым сынды қасиеттерді сіңіру – елсүйгіш, халықшыл азамат қалыптастырудың негізі екені белгілі.

«Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік – енді бүгін теңелдік!» – деп жүрек жарыла қуанған болатын Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов өткен ғасырдың басында. Алайда бұл ерте қуану еді. Халқымыздың алдында әлі ауыр азапты, тозақты ғасыр бар екен. Қазақтың, алаш ардақтыларының жан берген бұл ұлы мақсат, асқақ армандарының орындалуы үшін тарихана ұзақ толғатты, ол орындалған арман 1991 жыл халық жадында, тарих беттерінде алтын әріптермен жазылды. Биыл сол аңсап жеткен азаттығымыздың 20 жылы. Бұл мерейлі мереке, дүбірлі мерейтой қарсаңында университетімізде, факультетімізде жастарға тарихи тағылым беруге, олардың бойындағы елсүйгіштік, халықшылдық рухты одан әрі нығайтуға

бағытталған түрлі деңгейдегі іс-шаралар атқарылуда. «Отанды сүю - иманнан» дейді ұлы пайғамбарымыз Мұхаммед (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын). Отансүйгіштік – адами құндылықтардың, азаматтық қасиеттердің маңыздысы екенін көреміз. Осы орайда халықаралық құқық мамандығы студенттерінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елімнің ертеңі жарқын» тақырыбында танымдық мерекелік кеш өтті. Кешке халықаралық қатынастар факультеті деканының оқу және тәрбие істері бойынша орынбасары Қ.С. Әбдіхалықов, дипломатиялық аударма кафедрасының оқытушылары қатысты. Еліміздің әнұранымен басалған кеште шәкірттердің өздері әзірлеген тарихи бейнебаян көрсетілді. Ақтабан шұбырынды, бодандық қамытын арқалаған азапты жылдарға толы ХХ ғасыр... Ең соңында Азаттық таңы арайлаған 1991 жыл! Тәуелсіздікті жариялаған Елбасы! Кезекпен оқыған асқақ рухты өлең жолдарымен жалғасқан кеште студенттер «Қазақстанның экономикалық өсу жолы», «Қазақстанның халықаралық құқықтық мәртебесі», «ҚР Конституциясының тарихы», «Астана - еңселі елордам») тақырыптарында 20 жылда елімізде болған ұлы өзгерістер, толағай табыста-



рымыз бен болашақ межелеуіміз туралы мазмұнды бейнеслайдтармен баяндалды. Студенттер «Отан-ана» әнін нақышына келтіре орындап, мерекелік кеште болашақ халықаралық құқықтанушылар өздерінің ақындықтан да құр алақан еместігін көрсетіп тәуелсіздік, туған жер, азаттық туралы жүрек жарды жырларын оқыды. Өлең жолдарымен, барша қазақ баласының сүйікті әні «Ата мекен» әнімен аяқталған кеш шәкірттердің рухани дүниесінде із қалдырып, жадында ұзақ сақталары сөзсіз.

Ардақ ҚАЛИОЛЛАҚЫЗЫ,
халықаралық қатынастар
факультетінің аға оқытушысы

Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары

Тәуелсіздік еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке, ал ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы. Бүгінде ел экономикасында, әлеуметтік, мәдениет саласында үлкен жетістіктерге жеттік. Елбасы Н.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында жүздеген ұлт пен ұлыс өкілі бейбіт және еркін жағдайда өмір сүріп жатыр.

20 жыл уақыт аралығында тәуелсіз еліміз өзіндік бәсекеден өтті. Осыған орай, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің молекулалық биология және генетика кафедрасында тәуелсіздік мерекесін лайықты деңгейде қарсы алу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Факультетте «Биотехнология» мамандығы бойынша оқитын кафедра студенттерінің ұйымдастыруымен «Биоэтика» атты іс-шара өтті. Тәуелсіздік тұғырым деп санайтын студенттер екі топқа бөлініп, тартымды пікір-талас өткізді. Тәуелсіздік азаматтарға ерекше міндет пен жауапкершілік жүктеумен қатар заңмен үйлестірілген белгілі шектеулерді де алға тартады. Мұның мәні өзгенің құқығын, атак-абройын, бет-беделін құрметтеу, халықтың денсаулығын қорғауда жатыр. Осыған байланысты пікір-таласта бүгінгі күні туып отырған биоэтика сұрақтары мен денсаулық сақтау шаралары қарастырылды. Ал факультеттің «Биотехнология» мамандығының 3 курс студенттері арасында өткен «Биотехнология - заман талабы» атты интеллектуалды сайысқа «Биотехнология» саласы бойынша әртүрлі мамандықтан қазақ бөлімінен Эврика (тағамдық биология), BioHazard (клеткалық биотехнология), Gteam (хромосомалық, гендік инженерия және селекция), Мегамозг (микробиология) және орыс бөлімдерінен Хомячки мутанты (микробиология және клеткалық биотехнология) мен БиоАгенты (хромосомалық, гендік инженерия және селекция) топтары қатысты. Сайыс 4 кезеңнен тұрды: таныстыру, сұрақтарға жауап беру, сөзжұмбақ шешу және үй тапсырмасы. Студенттер әрбір кезеңде өз алғырлығын, білімін, тапқырлығын және өнерлерін көрсете білді. Бұл шараның мақсаты - ғылым мен білімнің дамуына жас ғалымдардың жаңаша ойлауына, жаңа ой туындауына себепкер болу. Білім сайысы кезінде студенттер тек білімімен ғана емес тапқырлығымен, сахнада бейнелеу өнерлерімен, кешке дайындаған костюмдерімен ерекше көзге түсті. Қуантатыны кафедра студенттерінен құралған топ факультет ішінде жүделі орындарға ие болды. Қазір студенттер алдағы жоғары оқу орындары арасында болатын пікір-таласқа дайындық үстінде. Отаншылдыққа және туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, сонымен қатар жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар толассыз атқарыла бермек.

Б.Ә. ЖҰМАБАЕВА,
молекулалық биология және генетика
кафедрасының доценті

Тәуелсіздік – тұғырым

Физика-техникалық факультетінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Тәуелсіздік - тұғырым» атты ашық тәрбие сағаты болды. Ашық сабақта студенттер өз шығармашылығынан өлеңдер оқып, мерекелік күй тарту етті.

Мәселен, өзінің Тәуелсіздікке арнаған өлеңін Ақерке Бертаева оқыса, одан соң Тынымбаева Динара «Теңдік. Азаттық. Тәуелсіздік», «Мұзда жанған алау» слайдтарын Тәуелсіздік алғаннан бергі әрбір кезеңге тоқталып, баяндап берді. Ал Төлебек Амалхан Отан Ананы қалай құрметтейтінімізді, Тәуелсіздікті

бағалай білетіндігімізді, сондай-ақ ұлтжанды, елжанды екендігімізді көрсететін «Ұлы махаббат» өлеңін нақашына келтіріп оқығанда, отырған жұрт шын ниетімен қол соқты.

Халық арасында «физиктер – лириктер» деп бекер айтылмаған. Олар өнердің кез келген саласында өз қабілеттерін таныта алады. Олай дейтінім, «Қазақстанның өткені мен бүгінін» баяндайтын көріністе Асылбек Бақтығалиев «Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ-тан келген Мерейдің ролін, ал Шәкен Бектұр Қайраттың

ролін өте жақсы ойнап шықты. «Елім менің», «Жаса, Қазақстан!» әндері мен Құрманғазының «Адай», «Көңіл толқыны» күйлері ашық сабақтың көркін аша түсті. Тәуелсіздікті аялап, оның жауапкершілігін сездіруде жастарға мол тағылым берген тәрбие сағатына университеттің тәрбие жөніндегі жетекші мамандары мен кафедраның оқытушылар құрамы қатысты.

Сәуле ЕРМАҒАНБЕТОВА,
жылуфизика және техникалық физика
кафедрасының оқытушысы

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫМЫЗ

Біз бүгін тәуелсіздік торабындағы төрт құбыламызды түгендедік, әлем елдерімен терезесі тең қалыптамыз. Тәуелсіздік жылдарында Қазақ елі талай белестерді бағындырды, дүниежүзіне «қазақ» деген ұлттың қайратты, қажырлы екенін көрсетті. Оған дәлел, елордамызда әлемдік дін өкілдерінің басқосуы, ЕҚЫҰ саммиті, еліміздің өзге мемлекеттермен орнатқан келісімдері, ел ішіндегі ұлттардың бірлігі мен халықтың бейбіт өмір сүруі. Әрине, бұл 20 жылдың жемісі.

Елбасының сындарлы саясатының, ел бірлігінің, ұлттар достастығының, ата-баба өсиетін бұлжытпай орындаудың жетістігі болып табылады. Біз тәуелсіздік бесігінде тербелген жастармыз. Тәуелсіз Қазақстан алыс сапарға бел буып, кемесін тәуекел дариясына түсірген ел, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратын кемесінің тұғырына ту етіп байлаған ел. Бүгінде осындай тәуелсіз елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет. Тарихтың тағылымы бізден ел қамын ойлар естілікті тілейді. Ата-бабаның асыл мұраты тәуелсіздік тұғырының берік болуына біздер жауаптымыз. «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек» – деген елбасының ұлағатты сөзін ұстаным ете отырып, бар білімімізді, күш-жігерімізді тәуелсіз Қазақстанды одан әрі нығайтуға жұмсап, тәуелсіздік тұғырының берік болуына өзіміздің зор үлесімізді қосымыз керек. Қазақстанның болашағы – жастардың қолында! Біздер, тәуелсіздікті ту еткен, татулықты ұран еткен ұрпақ болуға тиіспіз!

Айдана ҚАЗЫБАЕВА,
заң факультетінің 2 курс студенті

Тәуелсіз елім – тірегім

Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде елдің рухын көтеретін біршама іс-шаралар жүзеге асуда. Осындай іс-шаралар аясында жақында математикалық және компьютерлік пішіндеу кафедрасының ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елім-тірегім» атты әдеби-сазды кураторлық ашық сабақ өткізілді.

Кез келген қазақ азаматының бойында патриоттық сезімді оята білуді мақсат етіп алған бұл ашық сабақ тәуелсіздік ұғымын тереңнен түсіндірумен басталды. Тәуелсіздікке арналған жырлардың оқылуы – көрермендерді тебірентті. Және де жер әлемді сілкіткен желтоқсан

оқиғасына 25 жыл толса да сол бір үш күннің жүректен жарасы, көңілден мұңы кетпегенін бейнебаянмен көрсете білген студенттер тәуелсіздік ұғымына деген белсенділікті айқындап көрсетті. Ашық сабақты одан әрі қызықтыра түскен дүние – өткен 20 жылдағы жетістіктерімізге көз жіберіп, тарихты еске алу барысында «Пирамида» ойыны ойнатылуы болды. Студенттер білімін нақтылап, өнерлерін көрсетті. Ашық сабақ үстінде патриоттық әндердің шырқалуымен қоса, «Қара жорға» биінің биленуі де нағыз қазақи дәстүрдің айнасын көрсетті. Физика-математика ғылымдарының докторы, доцент Б.Г. Мұқанова жоғарыда көрсетілген бейнебаяндарды көріп, көзіне еріксіз жас келгендігін ерекше толқу сезімімен

айтты. Сонымен қатар, МКМ кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Н.Н. Тұнғатаров та өз сөзінде студенттерді тәуелсіздік күніне 20 жыл толуымен шын жүректен құттықтап, ата-бабамыздың ерлікпен қол жеткізген және ұрпақтарына мұра етіп қалдырған «тәуелсіздікті» сақтау керектігін тілге тиек етті. Көрермен болған информатика кафедрасының мұғалімдері және өзге де студенттер сахнада қойылған көріністер мен өнерді жоғары дәрежеде бағалап, дайындықтың сәтті және ұйымшылдықпен ұйымдастырылғанын атап өтіп, ризалықтарын білдірді.

Дина ТӨЛЕГЕНОВА,
механика-математика факультетінің 1
курс студенті

Язык – опора дружбы и сближения народов

(Начало на 1 стр.)

На кафедре определены приоритетные направления формирования базовой культуры, составляющих основу содержания обучения и воспитания студентов. Особое внимание уделяется комплексной внеаудиторной работе, которая развивает навыки устной речи и выступления перед аудиторией, умение делать презентации. Многие мероприятия проводятся в рамках работы Английского клуба, являясь продолжением учебных занятий. Это способствует привитию интереса к углубленному изучению иностранного языка, расширению культурного и страноведческого кругозора студен-

тов, повышению их эрудиции, воспитанию чувства патриотизма и преданности выбранному делу. Студенты в клубе с огромным удовольствием подыскивают материалы, дискутируют, готовят презентации. Руководят этой работой преподаватели: В. Сарсекенова, Б. Карибаева, Г. Темирбаева, К. Жубанова, А. Мусагулова. В этом учебном году Английский клуб провел круглый стол «Work and Travel» и викторину «What do you know about Britain».

Специалисты кафедры принимают участие в международных конференциях и выступают их организаторами. Ежегодно в декабре проводится магистерская конференция.

В юбилейный год Независимости Казахстана на всех факультетах были проведены тематические занятия: «My Kazakhstan», «There is a City I see in my dream», «My hometown», «Tourism in Kazakhstan», «National Holidays of Kazakhstan», «Geography of Kazakhstan». 23 ноября преподаватели английского языка организовали вечер на казахском, английском и русском языках, посвященный 20-летию независимости на тему: «It's a symbol of wealth, it's a freedom's brand. My Kazakhstan is my native land!». Такие мероприятия проведены во всех общежитиях естественных факультетов.

А.А. ЖАУТИКБАЕВА



Ұлылар есімін ұрпақтар ұлықтады

Жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасы «Қазақ халқының біртуар тұлғалары» атты тілдік клуб аясында Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері Ораз Кәкімұлы Жандосовқа арналған арнайы дөңгелек үстел өткізді.

Бұл өткізілген іс-шараның маңызы мен мақсаты елі үшін, жері үшін, халқы үшін зор еңбек сіңірген, тер төккен, еліміздің іргетасын қалауға ат салысып, өлшеусіз үлес қосқан Ораз Жандосовтың мәңгі өшпес есімін еске алу болды. Дөңгелек үстел аясында ұйымдастырушы жетекшілер мен студенттер, алдымен, Ораз Кәкімұлының өмірбаянын зерттеп, еліміздің рухани және саяси тұрғыдан көркеюі үшін атқарған қызметтері мен жазған ғылыми еңбектерін жинастырды. Студенттер Ораз Жандосовқа арналған бірнеше слайд-шоу көрсетті және дайындаған баяндамаларын оқыды. Олар өз баяндамаларында Ораз Жандосовтың

қажырлы іс-әрекеттері мен қазақ халқы үшін сіңірген зор еңбегін атап өтіп, өздерінің ерекше ықыласы мен шексіз алғыстарын білдірді. Бұл конференцияға қоғам қайраткерінің ұлы Әли Жандосов арнайы келді. Ол кісінің айтқан әңгімесі, бөліскен сыры, көрсеткен кітаптары мен әкесі Ораз Жандосовтың 1936 жылы түскен суреті студенттер үшін өте қызықты әрі көңілде мәңгі есте қалатындай із қалдырды. Студенттер өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойды. Біз үшін ол кісінің тарихқа сүйене отырып, нақты әрі мәнді жауап беруі өте тартымды болды. Бүгін, міне, ХХІ ғасырда еліміздің 20 жылдық тәуелсіздігін атап өткелі жатқан уақытында Ораз Жандосовтың мәңгі өшпес есімін жастардың, яғни болашақ ұрпақтың санасына ұялату үшін осындай тарихи тұлғаның ұрпағымен кездесу өте маңызды іс-шара болды.

Қ.Ә. АЙСҰЛТАНОВА,
гуманитарлық факультеттерге
арналған шет тілдер кафедрасының
доценті

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘҢІРДІҢ СЫЙЫ

ал оның тарихи құндылықтарын жастар сезінуі тиіс

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында атқарылуы тиіс негізгі бағыттар мен міндеттер айқындалды. Соның ішінде Тәуелсіздіктің 20 жылдығын ел болып жоғары деңгейде атап өту мәселесіне ерекше мән берілді.

Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасалды. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айырықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты. Сондықтан да Тәуелсіздік ерекше маңызға ие.

Біздің алдымызда осы оқу жылы Тәуелсіздік мерейтойын асқан ұйымдастырушылықпен және жоғары идеологиялық деңгейде өткізу міндеті тұрғандықтан еліміздің Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлау жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылды. Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Есеп және аудит» кафедрасы өткізген «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбына студенттердің ғылыми конференциясында студенттердің дайындаған баяндамалары мен оқулары тыңдалып талқыланды. Студенттер дайындаған тақырыптық баяндамалар «Тәуелсіздіктің тұғыры», «Тәуелсіздіктің алғы шарттары», «Достижения Казахстана в сфере экономики за годы Независимости», «Стра-



тегия индустриально-инновационного развития РК на 2003-2015 годы», «Аудиттің мәні және оның нарықтық экономика жағдайындағы мәні», «Деятельность «Большой четверки» аудиторских компаний в независимом Казахстане», «Тәуелсіздіктің 20 жыл ішіндегі тарихи жолдары» және «20 жылдың қорытындысы» тақырыптарын кеңінен қамтыды.

Тәуелсіздік тойы жалпыхалықтық сипатқа ие болып, отандастарымызға айырықша рух беруі керек, яғни тәуелсіздік тойына әрбір қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс. Жиырма жылдық – елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс. Мемлекет басшысының атап өткеніндей, Жолдауда мемлекеттік саясаттың алдағы

жылдардағы басымдықтары нақты белгіленген. Биылғы Жолдау, негізінен, әлеуметтік бағытта болды. Онда еліміз халқының әлеуметтік әл-ауқатын көтеруге қатысты үлкен блокты шаралар қарастырылған, экономиканы индустриялық-инновациялық дамыту бойынша жаңа міндеттер қойылған. Оларды жүзеге асыру дағдарыстан кейінгі дамуға маңызды басымдықтар болады. Қазіргі кезде Экономика және бизнес жоғары мектебі Жолдаудағы басымдықтарды студенттер арасында түсіндіру үшін эдвайзерлер арасында ақпараттық-насихаттау тобы құрылып, іс-шаралар кеңінен жүргізілуде.

Егемендіктің мәні және тәуелсіздік түсінігін ашып көрсету мақсатында документалды және телевизиялық фильмдер, аудио-бейне роликтер беріліп, студенттер пікірі тыңдалды - УА09КС тобының студенті Сағымбекова Арайлым – өзінің Қазақстанда туып, Егемендікпен құрдас болуы себепті бақытты екеніне айтты. Ал УА 09 К1 тобының студенті Қымбат Лиманова ақын М. Мақатаевтың Отан, туған жер туралы өленін және УА08К2 тобының студенті Эльмира Жазықбаева ақын Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын» өленін оқыды. Жұмыстар кафедрасы отырысында бағаланып, үздік деп танылған жұмыстарға жүлделер тағайындалатындығы айтылды.

А.К. БЕЙСЕНБАЕВА,
«Есеп және аудит» кафедрасы
менгерушісінің ғылыми-
инновациялық қызмет
және халықаралық байланыс
жөніндегі орынбасары

Под таким замечательным девизом прошло мероприятие, приуроченное празднованию 20-летия Независимости страны на факультете филологии, литературоведения и мировых языков.

Его организаторами выступили студенты первого курса казахского отделения специальности «ВТиПО» под руководством доцентов кафедры русской филологии, русской и мировой литературы Ж. Кыиновой, А. Бузелло и С. Сансызбаевой.

Студенты подготовили и



«ПРОЦВЕТАЙ, МОЙ КАЗАХСТАН!»

показали презентацию о 20 значимых событиях в истории независимого Казахстана, отражающих динамику его развития: принятие в 1995 г. Конституции страны, закрытие Семипалатинского ядерного полигона, полет в космос первого казахстанского космонавта Т. Аубакирова, вступление Казахстана в ООН, председательствование в ОБСЕ и Астанинский саммит этой авторитетной международной организации, проведение Азиады и др. Особое внимание было уделено одному из ключевых моментов истории страны – основанию и развитию Астаны – столицы Казахстана, олицетворяющей образ мощного и динамично развивающегося государства. В ходе презентации были показан

и вклад КазНУ им. аль-Фараби в становление страны, его роль в подготовке и воспитании высококвалифицированных специалистов суверенного Казахстана, развитии науки, образования и инноваций.

Далее состоялся торжественный концерт, на котором прозвучали патриотические песни и стихи о Родине, были исполнены национальные танцевальные композиции, казахские кюи, особый интерес вызвал студенческий айтыс. Кроме того, участникам и гостям праздника был показан мультиспектакль - «Суровый желтоксан», повествующий о трагической истории молодого человека – Кайрата Рыскулбекова в суровые дни декабрьских событий 1986 года. Лица студентов и

гостей праздника были озарены гордостью и радостью за свою страну, волнением, тревогой и болью за соотечественников, отдавших жизнь за будущее своей Отчизны.

Дух патриотизма и бескорыстной любви к Родине, самопожертвование великих сынов казахского народа воплотили многовековую мечту наших предков в реальность. Казахстан обрел независимость – священную ценность всего народа.

С Юбилеем, страна! Процветай, наш Казахстан!

Ж.К. КЫЙНОВА,
С.К. САНСЫЗБАЕВА,
доценты кафедры русской
филологии, русской и мировой
литературы

Тәуелсіздік – тарихи шындық

Адамзаттың асылы да, қысылғанда тірек сүйенері де туған жері – өз Отаны. Туған жер туралы тебіренбей сөйлеу мүмкін емес. Біз қырандай биікте қалықтаған елміз. Еліміздің даңқты да дәулетті өмір сүріп жатқаны бостандық жолында арыстандай арпалысып, жолбарыстай жұлқынып, қасықтай қаны қалғанша күрескен ата-бабаларымыздың арқасы. Тәуелсіздік таңы тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жаңғыртты. Қасиетті Ата заңымыз қабылданды. Егемендігіміздің айғағы аспан түстес азат байрағымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз, тарихымыздың, мәдениетіміздің негізін қалап кеткен асыл азаматтарды паш етіп, теңгеміз дүниеге келді. Азаттықтың ақ таңы қазақ халқының мерейін өсіре түсті. Дербес, тәуелсіз ел ретінде туымызды жария етуге мүмкіндік берді.

Тәуелсіздіктің жиырма жылы – жоғалғанымыздың көзі, іздегеніміздің өзі. Себебі Қазақстан егемендігін алған бар-жоғы осынау жиырма жыл ішінде дамудың даңғыл жолына түскен, өзіне тән барлық институттары бар, мемлекеттік, демократиялық, экономикалық дамуының берік іргетасы қаланған, дамыған өркениетті елдермен терезесі тең, болашағы кең қатынас орнатқан, әлемдік аренада өзіндік орны бар елге айнала білді. Әрине, тер төкпей, қиындықтан өтпей мерейлі межеге жету мүмкін емес. Тілі бөлек, тілегі бір, жаны бөлек жүрегі бір ұлы ата-бабаларымыздың сан қилы қан кешуде де туын жықпаған осындай тату-бірлігі, тамаша тірлігі болашақ ұрпаққа мәңгілік ұлағат.

Ұлы даланы ғасырлар бойы мекен еткен қазақ халқының жеңістерінің бәрі тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған Астанамызда да айқын бейнеленген. Елбасымыздың Қазақстан тарихында өшпес із қалдыратын батыл шешімінің бірі сән-салтанаты жарасып әлемді тамсандырған, бүгінде бәйтерегі биікке бой созған Астананы кезінде Елордамызға айналдыру идеясы еді.

Міне, Аллаға шүкір, айта берсек таусылмайтын бүгінге дейінгі жеткен жетістіктеріміздің бәрі де салт-дәстүрін

сақтай білген, бабалар үмітін ақтай білген асыл халқымыз бен Еуропаның төріне шығып, төраға болу тәубесінен жаңылмай, ұлттық рухымызды асқақтатқан Елбасымыз жүргізіп келе жатқан сарабал саясаттың салтанаты.

Бақыт өзінен-өзі келмейді. Адам өз бақытына елеулі еңбек пен ізденістің, білім мен ғылымның биік шырдарын бағындыру арқылы ғана жетеді деп ойлаймын. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы, балалар, сіздердің қолдарыңызда», - деген сөзінен өзі жас ұрпаққа үлкен үміт артқанының бір көрінісі.

Бір сөзінде Елбасымыз: «Тәуелсіздік! Дүниеде бұдан асқан ұғым, бұдан қымбат игілік жоқ. Арыстарымыздың қанымен, жанымен келген тәуелсіздігімізді алып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай. Тәуелсіздік – ғажайып ұғым, мемлекетіміздің өз саясаты бар», - деген. Ендеше біздің міндет бабалардың қанымен, боздақтардың жанымен келген тәуелсіздікті бағалап, осы тәуелсіздігіміздің тірегі тіліміздің, дініміздің, діліміздің дінгегін мықты қылу.

Әсем АЛШЫНБАЕВА,
журналистика факультетінің
2 курс студенті

Рымғали Нұрғали атындағы аудитория ашылды

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен 9 желтоқсан күні Рымғали Нұрғали атындағы аудитория ашылды. Рымғали Нұрғали университет қабырғасында 35 жыл еңбек етіп, дәріс оқыды. Аудиторияда «Өмір белестері, ұстаз, ғалым, қайраткер, ғылымдағы биіктік, ел ардақтысы» деген қабырға көрмесі қойылған.



«Рымғали Нұрғали және Алаш әдебиеттануы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияда көрнекті ғалым, академик Рымғали Нұрғалидың қазақ әдебиеттану ғылымының даму бағыттарындағы елеулі еңбегі мен қазіргі әдебиет тарихын зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері қаралды.

Конференцияға алыс-жақын елден келген әдебиеттанушы ғалымдар, С.Қасқабасов, А.Ахматалиев, Б.Әбдіғазизұлы, Қ.Алпысбаев, Т.Тебегенов, А.Исмакова, Д.Ысқақұлы, Ж.Шаштайұлы, К. Сегізбаев, Б.Шаханов, М.Ахет,

Е.Жаппасұлы, Ө.Күмісбаев, Б.Жақып бастаған белгілі жазушылар, жоғары мектептің оқытушы-профессорлары және докторанттар мен магистранттар, студенттер қатысты. «Біз бәріміз Рымғали Нұрғалидың шәкіртіміз. Осы уақытқа дейін факультетте Мұхтар Әуезов атындағы, Зейнолла Қабдолов атындағы аудиториялар ашылған болатын. Бүгін Рымғали Нұрғали атындағы аудитория салтанатты түрде ашылып, конференция арналып отыр. 50-ге жуық ғылым кандидаты мен 20-ға тарта ғылым докторын дайындап кеткен ұстаздың аманатын, ілім-білімін

шәкірттерге берсек, білім жалғастығы деген сол болар», - дейді факультет деканы Қансейіт Әбдезұлы.

Конференция жұмысы «Р. Нұрғали және қазақ әдебиетін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері», «Р. Нұрғали және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеу» және «Рымғали Нұрғалидың қазақ драматургиясын ғылыми-теориялық негіздеу еңбектері», «Рымғали Нұрғалидың ұстаздық, дәріскерлік өнегесі» атты бағыттар бойынша өтті.

Еңлік АҚЖІПТ

КӨРКЕМСӨЗ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Қыстың алғашқы күнінде ҚазҰУ-да ұлылардың даусы жаңғырықты. Нақтылай айтсақ, эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология: әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде көркемсөз шеберлерінің байқауы өтті. Кешке Қазақстанның Елбек сіңірген қайраткері Әсел Мәмбетова мен «Сағыныштың» ақыны аталып кеткен Төлеген ақынның қызы Салтанат Айбергенова қатысты.

М. Әуезовтің көзін көрген атакты 312 аудиторияда филология студенттерінің көркемсөз оқулары байқауы Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» әңгімесінің драмаланған көрінісімен шымылдығын ашты. Бұл қыстың алғашқы күнімен байланысты екен. Жалындаған жастардың шығармашылығына әділ-қазылар алқасы аса үлкен мән беріп, оларға қолдау көрсетіп отырды. «Түлек клубының» менгерушісі Раушан Әбдіқұлованың мұрындық болуымен жүзеге асқан байқаудың бір ерекшелігі – жастар өз бойында азаттық рухын, рухани сезімін сезінді.

Кеш желтоқсан оқиғасы жайындағы шығармалармен өз жалғасын тауып, студенттер өз бақтарын сынаған еді. Оқ бойы оза шапқан дарындылардың алғашқы қатарынан Тұрсынбек Ықылас, Арман Серіков, Уәлихан Қосанбай мен Жадыра Хуанқызы марапатталды. Кеш соңы концертпен аяқталды. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы құт-береке әкеліп, болашағымыз баянды болсын!

Жадыра ҚУАНҚЫЗЫ,
филология факультетінің
3 курс студенті

«ТӘУЕЛСІЗДІК, ТҮР ТАПЖЫЛМАЙ ТАҒЫНДА»

Биыл тәуелсіздіктің 20 жылдық мерей тойы. Тәуелсіздік – ата бабамыздың сан ғасырлар бойғы күресімен келген ұлы ұғым. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған іс шаралар еліміздің түкпір-түкпірінде өтуде. Соның ішінде ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті де бар.

География және табиғатты пайдалану факультетінде тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік, түр тапжылмай тағында» атты факультет студенттерінің арасында байқау болып өтті. Байқау, негізінен, көркемсөз оқу, өнер сайысы және қойылым кезеңдерін қамтыды. Байқауды филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің ұстаздары С.Нұрахметов, Ш.Рамазанова, А.Бисенбаев, Б. Досанов ұйымдастырып, әр мамандық саласы бойынша 11 команда құрылып сайыста бақ сынасты.

Бірінші болып көркемсөз номинациясы бойынша өз өнерлерін геодезия және картография мамандығының топтары көрсетті. Көркемсөз өнері байқауынан М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді оқыған «Жасыл ел» тобының мүшесі Фариза Каллимурзина көрермендерді өз қабілетімен таңдандырып, мақтау қағазымен марапатталды.

Ал екінші байқау өнер сайысы болғанымен, студенттер өн мен биге аса

мән бергені көрініп тұрды. Әндер, негізінен, патриоттық жанрада, ал билер ұлттық мағынада болды. Бұл номинацияның жұлдыздары, яғни студенттер мен қатар оқытушылардың көңілінен бірдей шыққан студенттер С.Бұлар «Аққу биі» мен А.Оразгелдиев «Бұлқындар жүрек» әнімен көрермендер жүрегінен орын таба білді.

Көрініс кезеңі патриоттық сезімге толы болды. Тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегендігін жастарға тағы да бір рет дәлелдей түсті. Желтоқсан құрбаны, өткен ғасыр қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков пен Ләззат Асанованың басынан өткен оқиғаларын сипаттаған көріністерді «Сұңқар» тобы; «Алға.кз» тобы; «Жалын» тобы студенттері асқан шеберлікпен сомдап, сол қасіретті күннің ызғарын сездіргендей болды. Ал «Жасыл ел» тобының Азапты жеңген аналар, «Тәуелсіздік ұшқыны» тобының «Абылайханның түс жоруы»; «Болашақ» тобының «Бірлік болмай тірлік болмас» көріністері қазақ тарихы тағылымынан сыр шертіп өткен күнге шолу жасап қайтқандай әсер берді. Ал, бұл сайыста актерлік қабілетімен ерекше көзге түскен «Желтоқсан ызғары» қойылымында Қайрат Рысқұлбековтің рөлін сомдаған С.Сейілов асқан шеберлігімен ойнағаны үшін мақтау қағаздарымен марапатталды.

P.S.

Осындай іс-шаралардың өсіп келе жатқан жас буын өкілдерінің жүрегіне патриоттық сезімді ұлату мақсатында атқаратын орны ерекше. Тәуелсіздік әрбір еліміз деп соққан жүрегі бар қазақ азаматы үшін киелі ұғым, ал тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойы әрбір қазақ баласы үшін мереке. Білектің күшімен, найзаның ұшымен сан ғасырлар бойы армандап қол жеткізген тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқашан да биік. Ал осындай өнерлі де, білімді, патриотты жастарымыз бар кезде тәуелсіздігіміз тағында тапжылмай тұрарына нық сенімдіміз.

Жайнар КАКИРОВА,
география және табиғатты пайдалану факультетінің 1 курс студенті

Толағай табыстармен босағадан аттаған 2011 жыл «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» деп жарияланды. Сол себепті де барша қазақстандықтар өз күш-жігерін осы ұлан асыр мерекені өткізуге біріктіруде. Соның бірі «Бейбітшілік пен жасампаздыққа, тату көршілік пен ұлы достыққа - 20 жыл» деген ұранмен жақында шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының ұйымдастыруымен өткен «Шығыс елдері мәдениеті» фестивалі еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнаған ерекше сыйы болды.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ – БЕЙБІТШІЛІК

Тәуелсіздік - еліміздің өз алдына шаңырақ көтеріп, ешбір елге, ешбір мемлекетке тәуелсіз, дербес Қазақстан Республикасы болып құрылуы. Тәуелсіздік – теңдік, бостандық, еркіндік, бүкіл адамзат баласының қаншама мыңдаған жылдар бойы аңсаған арманы, мақсаты, ұраны болып келе жатқаны белгілі. Тәуелсіздіктің жиырма жылдық мерей тойымен құттықтау үшін факультетімізде оқытылатын шығыс тілдерін меңгерген студенттер өз кезегінде музыканың сүйемелдеуімен ұлттық тағамдарын ала сахнаға шығып, өздері үйреніп жатқан елдің тілінде құттықтау сөз айтты.

Әр кафедраның дайындаған ұлттық өнерлері орындалып жатқанда, сахнада сол ел жайлы бейнеролик көрсетілді. Дайындап әкелген тағамдары сахнаға әкелініп, халыққа таныстырылған соң қазақ қыздары ақырындап алып, кештің қонақтарынан құралған қазылар алқасы алдына берілді. Фестивальда, сонымен қатар кафедра студенттерінің қолөнерлік шеберлігінің күесі болған Қытайдың ұлттық символдары көрсетілді. Кеш соңында өнер көрсеткен студенттер «Ең үздік ұлттық тағам», «Ең үздік ұлттық өнер», «Ең үздік ұлттық ән», «Ең үздік ұлттық би», «Ең үздік Қытай символы» номинациялары бойынша марапаттады.

Ал бұл кешіміздің қонақтары Мемлекеттік университетінің профессоры А.В.Островский, Конфуций институтының директоры Рақымжан Асылбеков, Конфуций институты директорының орынбасары Гуй Лян, университетіміздің тәрбие департаменті қызметкері Шынар Қанафьева, сонымен қатар кафедра менгерушілері мен олардың орынбасарлары, факультет оқытушылары болды.

Осыдан мәдениет пен өнер қашан да халықтар арасын жалғаған жылылық пен мөлдір сезімге толы жылғадай тұнық бастау екенін көруге болады. Осы орайда кеште әрбір Шығыс елінің мәдениетін паш етіп, өнер көрсеткен, ұлттық тағамын таныстырған әр кафедра студенттері бұл кештің аса көңілді өтуіне өз үлестерін қосты.

Салтанат ТАСТАНБЕКОВА,
шығыстану факультетінің
3 курс студенті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Еңлік АҚЖІПТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, эл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс №10732

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.